

2012 жылғы Қазақстан Республикасында республикалық және халықаралық жарыстарды дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 16 тамыздағы № 153-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған 2012 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және халықаралық жарыстарды дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі, облыстардың және Астана, Алматы қалаларының әкімдері спорт түрлері бойынша тиісті федерациялармен келісім бойынша республикалық және ресми халықаралық жарыстарды (бұдан әрі – жарыстар) дайындауды және өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі жарыстардың өткізілу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі республика қалаларында қоғамдық тәртіпті қорғауды, ресми адамдар мен жарыстарға қатысушылар тұратын және жарыстар өтетін жерлерде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жарыстарға қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуде жәрдем көрсетсін.

6. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі ұйымдастырушы ұсынған жарысқа қатысушылардың шығу кестесіне сәйкес жарыстарға қатысушылардың темір жол және әуе көлігімен жол жүруі үшін орындарды броньдауды қамтамасыз етуде жәрдем көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына жіберілетін жарыстарға қатысушы шетелдік азаматтарға визалық қолдау көрсетсін және визалар беруді жүргізсін.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес спорттық жабдықтарды және мүкәммалды кедендік тазартуды қамтамасыз етсін.

9. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан
Премьер-Министрінің
2012 жылғы
№ 153 - ө
бекітілген

Республикасы
тамыздағы

16
өкімімен

2012 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және халықаралық жарыстарды дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

Ермегияев Талғат Амангелдіұлы	-	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің төрағасы, төраға
Қанағатов Елсияр Баймұхамедұлы	-	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының орынбасары, төрағаның орынбасары
Тыныбеков Қайрат Сағатқанұлы	-	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
Бектұров Азат Ғаббасұлы	-	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі
Жошыбаев Рәпіл Сейітханұлы	-	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы
Қырықбаев Арман Оразбайұлы	-	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі
Шолпанқұлов Шолпанқұлұлы	Берік	Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Байжүнісов Ерік Әбенұлы	-	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі
Қожамжаров Қайрат Пернешұлы	-	Ақмола облысының әкімі
Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы	-	Жамбыл облысының әкімі
Құсайынов Әбілғазы Қалиақпарұлы	-	Қарағанды облысының әкімі
Есімов Ахметжан Смағұлұлы	-	Алматы қаласының әкімі
Балаева Аида Ғалымқызы	-	Астана қаласы әкімінің орынбасары
Досымбетов Тимур Қамалұлы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетінің бас хатшысы (келісім бойынша)

Қазақстан
Премьер-Министрінің
2012 жылғы
№ 153 - ө
қосымша

Республикасы
тамыздағы

16
өкіміне

2012 жылы Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін республикалық және халықаралық жарыстардың тізбесі

р/с №	Іс-шараның атауы	Өткізілу мерзімі	Өткізу орны	Жауаптылар
1	2	3	4	5
1.	Триатлоннан Азия кубогының кезеңі	7–10 шілде	Ақмола облысы Бурабай ауылы	ҚРСДША, Ақмола облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Триатлон федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
2.	Триатлоннан Азия кубогының кезеңі	21–24 шілде	Ақмола облысы Көкшетау қаласы	ҚРСДША, Ақмола облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Триатлон федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
3.	Су добынан жасөспірімдер (қыздар) арасындағы Азия чемпионаты	20-30 тамыз	Тараз қаласы	ҚРСДША, Жамбыл облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Су спорты түрлері федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
4.	Жатып сығымдаудан Азия чемпионаты	10-16 қыркүйек	Алматы қаласы	ҚРСДША, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Бодибилдинг, пауэрлифтинг, фитнес федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
5.	Волейболдан әйелдер командалары арасындағы Азия кубогы және Қазақстан Республикасы Президентінің кубогына халықаралық турнир	6-16 қыркүйек	Алматы қаласы	ҚРСДША, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Волейбол федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
6.	Шаңғымен тұғырдан секіруден «Гран-При» әлем кубогының жазғы кезеңі (ерлер, әйелдер)	15-22 қыркүйек	Алматы қаласы	ҚРСДША, Алматы қаласының әкімшілігі Қазақстан Республикасы «Шаңғымен тұғырдан секіруден және шаңғы екі сайысы федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
7.	Дзюдодан ерлер мен әйелдер арасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жүлдесіне әлем кубогы	15-16 қыркүйек	Қарағанды қаласы	ҚРСДША, Қарағанды облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Дзюдо федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
8.	Су добынан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты	1-10 қыркүйек	Алматы қаласы	ҚРСДША, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Су спорты түрлері федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)

9.	Есту бойынша мүгедектер арасындағы ерлер, әйелдер, жасөспірімдер, ардагерлер арасындағы шахматтан жеке әлем чемпионаты	28 қыркүйек – 6 қазан	Алматы қаласы	ҚРСДША, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Шахматтан есту бойынша мүгедектер федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
10.	Белбеу күресінен ересектер арасындағы әлем чемпионаты және жастар арасындағы Азия чемпионаты	26-30 қыркүйек	Астана қаласы	ҚРСДША, Астана қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Белбеу күресінен федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
11.	Грек-рим күресінен Қазақстан Республикасының Президенті кубогына халықаралық турнир	қараша	Астана қаласы	ҚРСДША, Астана қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасының «Күрес федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)
12.	Шаңғымен тұғырдан секіруден әлем кубогының кезеңі	12 желтоқсан	Алматы қаласы	ҚРСДША, Алматы қаласының әкімдігі Қазақстан Республикасы «Шаңғымен тұғырдан секіруден және шаңғы екісайысы федерациясы» ҚБ (келісім бойынша)

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
СДША – Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі
МММ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
ҚБ – қоғамдық бірлестік
ЗТБ – заңды тұлғалар бірлестігі